

«АВИМЕД» КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ

Ереже колледждің
Педагогикалық Кеңесінде қаралды
Хаттама № 1 31.08.2022 ж.



«Бекітемін»
Колледж директоры
А.А. Керімбекова

АШЫҚ САБАҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Шымкент, 2022

1. Жалпы ережелер

Колледжде ашық сабақ туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесі негізінде әзірленді.

Ереже Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын колледжде ашық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.

Ашық сабақ оқытушының кәсіби жетістіктерін көрсетудің бір түрі болып табылады.

2. Ашық сабақты өткізу мақсаты

Ашық сабақты өткізудің мақсаты:

- білім беру қызметінің негізгі түрі – оқу сабағы арқылы оқытушыға өзінің кәсіби жетістіктерін көрсету мүмкіндігін беру;
- сабақ өткізудің дәстүрлі және инновациялық технологияларын жетілдіру бойынша оқытушылардың жұмысын жандандыру;
- колледж оқытушыларының оқу сабақтарын өткізу түрлері мен әдістерін жетілдіру саласындағы ғылыми-әдістемелік жұмысқа уәждемесін күшейту;
- оқытушылардың шығармашылық әлеуетін жұмылдыру, оқытушы тұлғасын шығармашылықпен іске асыруын қолдау.

3. Ашық сабақ өткізуді ұйымдастыру

Колледжде ашық сабақтарды өткізу директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бекіткен оқу жылына арналған жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Ашық сабақтарды өткізу жоспары колледждің әдістемелік кеңесінің отырысында қаралады және ашық сабақтарды ұйымдастыру бойынша келесі ақпаратты қамтиды: оқытушының аты-жөні, пәндік циклдік комиссияның атауы, оқу пәні және өткізу мерзімі.

Ашық сабақтың сабақ жоспары міндетті түрде үш жақты дидактикалық мақсаттан басқа, оқытушының кәсіби жетістіктері әдістемесінің көрсетілуін қамтитын және тәжірибе алмасу үшін үлкен маңызы бар оны өткізудің әдістемелік мақсатын қамтуы тиіс.

Ашық сабақтың сабақ жоспары «ашық сабақтың жоспары» нысанына сәйкес рәсімделеді, пәндік циклдік комиссияның отырысында қаралады, әдіскермен келісіледі және директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары бекітеді.

Ашық сабақ аяқталғаннан кейін талқылау және оның қорытындыларын талдау жүргізіледі, ашық сабақ материалдары рәсімделеді және колледждің әдістемелік кабинетіне тапсырылады.